# Мен тәуелсіз елдің ұланымын

Еліміздің келешек өркениеті – біздің болашақ жастардың қолында.
Н.Ә. Назарбаев

Біздің киелі халқымыздың талай батырлары тәуелсіздік жолында – "бірсыпыра" қан төккені барлығымызға мәлім. Солардың арқасында 1991 жылы 16 желтоқсан күні еліміз тәуелсіздігін алып, "Қазақстан Республикасы" атты керемет атауға ие болды. Осының бәрін мен біле тұра, тәуелсіз елдің ұрпағы ретінде, елімді көркейтуге қандай үлес қоса аламын?

Қазақстан – тәуелсіз ел. Біздің ата-бабаларымыздың арқасында біздің еліміз көркейіп, жаңданып жатыр. Тарихқа үңілсек, ата-бабамыз ертеден тәуелсіздікке ұмтылған. Алдымен, Әбілқайыр хандығынан, одан кейін Жоңғарлармен қалмақтардан, одан әрі патша үкіметінен тәуелсіздіктерін қан-терлерімен жеңіп алған. Тәуелсіздік жолындағы соңғы оқиғалардың бірі – 1986 жылы болған "Желтоқсан оқиғасы". Қайрат, Қайсар атты жастардың ел үшін күресі тарихта мәңгі қалады.

Ал, енді осы оқиғаны алып қарасақ, 1986 жылы шыққан жастардың жастары менің жасымнан едәуір аса қоймайды. Осы кезде, ойымнан бір сұрақ кетпейді: Ал мен, мен өз елім үшін не істей аламын? Елімді дамытуға қандай үлес қосып жүрмін!?

Қазіргі бейбіт заманда, елімізді көркейтуге әр қазақстандық өз үлесін қосуы қажет. Американдық ғалым, инженер Илон Маск айтқандай: "Болашақ білімді жастардың қолында". Осыған сүйеніп айтсақ, менің және мен сияқты жастардың қазіргі басты мақсаты:



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

сапалы білім алу. Егер біз сапалы білім алсақ, еліміз сенімді қолда болатыны анық. Әйгілі физик А. Эйнштейн айтқандай: „Бұл заман күш сынасар заман емес, біліммен сынасар заман".

Қазіргі өзекті мәселелердің бірі – жастардың 60% астамы шетелге кетіп қалуы. Жастардың әр екіншісі шетелде тұруды, шетелге көшуді мақсат қояды. Бұл неліктен болуы мүмкін. Олардың ойынша шетелдегі өмірде барлығы керемет. Ал Қазақстандағы өмір қолайлы емес. Біраз неліктен олар шетелге қашудың орнына өз елін дамытпайды? Осыған қатысты орыстың керемет мақалы бар: „Біз жоқ жердің бәрі жақсы". Мұны ұққанның орнына, „еліміз дамымайды" деп беріліп отырған грантқа оқып алып, қашып кетеді. Ол өз басын елдің басынан биік қойғаны деген сөз.

Қорытындылай келе, әр адам өз елінің болашағын ойлауы қажет. Ол үшін қазірдің өзінде менің мақсатым – сапалы білім алып шығу. Мен болашақта елімді көркейтуге ат салысуды бүгіннен бастаймын.

2 тапсырма.

Табарын – таб – не істе? етістік.
Басын қатырып – бас – не? зат есім, қатыр – не істе? етістік.
Ұшырасты – ұш – не істе? етістік.
Шаруасына – шаруа – кім? зат есім.
Түс ауғанша – ауған – не істеген? етістік
Артықшылығын – артық – қалай? сын есім шы – сөз түрлендіруші жұрнақ
лық – сөз тудырушы жұрнақ


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Зерттеулерінде - зерттеу - не? зат есім, лер - көптік жалғау.

Сүйенетіндігі - (сүйене - қалай?) Сүйен - не істе? етістік, е - көсемше, тін - сөз түрлендіруші

Жетекшілігімен - жетекші - кім? зат есім, лік - сөз тудырушы, і - көсемше, мен - жіктік жалғау.

Соған - шылау



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ